




2023 жылғы 12 қыркүйекте «Қазақтелеком» АҚ-ның екінші ірі акционері болған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті 2022 жылғы мамырдан бастап Қорға «Қазақтелеком» АҚ-ның 3 084 983 (орналастырылған жай акция 28,24%-ы) жай акцияларын берді.

Бүгінгі таңда Қор Компанияның ең ірі акционері болып табылады.

2025 жылдың 1 қаңтары жағдайы бойынша Жеке компания Telecom Systems Ltd АҚ «Қазақтелеком» АҚ-ның 983 350 (орналастырылған жай акцияларының 9,00%-ы) жай акцияларына иелік ететін акционері болды.

АКЦИЯЛАРДЫҢ НАРЫҚТЫҚ ҚҰНЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ



АКЦИЯЛАРДЫҢ ҚҰНЫ (ТЕҢГЕ)*

	31.12.2023	31.12.2024
Жай акциялар (1 дана), теңге	34 500	43 778
Артықшылықты акциялар (1 дана), теңге**	24 750	36 900

2024 жыл ішінде Қоғамның жай акцияларының ең төменгі бағасы 33 303,00 теңгеге және Қоғамның артықшылықты акцияларының ең төменгі бағасы 24 797,00 теңгеге жетті.

2024 жылдың басында «Қазақтелеком» АҚ мен PIN Communication LLC арасында «MT-C» ЖШС-ні сатуды жоспарлаған туралы жаңалық шыққан еді. Бұл жаңалық «Қазақтелеком» АҚ акцияларының өсуіне әсер етті.2024 жылдың 18 маусымында Цифрлық

даму министрі мәміле сомасының болжамды мөлшерін жариялады, бұл жай және артықшылықты акциялардың өсуіне серпін етті. Жыл бойы Компания акцияларының құны өсе берді.2024 жылғы желтоқсанның соңғы сауда күнінің қорытындысы бойынша «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да «Қазақтелеком» АҚ (ISIN KZ0009093241) жай акцияларының құны 43 778,00 теңгені, «Қазақтелеком» АҚ (ISIN KZ0009094645) артықшылық берілген акцияларының құны 36 900,00 теңгені құрады.



ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

«Қазақтелеком» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) дивидендтік саясатының мақсаты Қоғам мен Акционерлер мүдделерінің теңгерімін, дивидендтердің мөлшерін, оларды төлеу шарттары мен тәртібін айқындау кезінде тәсілдің болжамдылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету болып табылады.

Қоғамның дивидендтік саясатының негізгі қағидаттары айналымдағы Қоғам акцияларының барлық пакетіне кепілдендірілген дивидендтер төлеуді қамтамасыз ету қағидаты және Қоғамның қаражаты есебінен іске асырылатын қызметтің жаңа түрлерін және инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қоса алғанда, Қоғамның қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету қағидаты болып табылады.

Төленетін дивидендтердің мөлшері қаржылық тұрақтылық пен өтімділік көрсеткіштері негізінде айқындалатын Қоғамның қаржылық-экономикалық жағдайына байланысты.

Қоғам төлеуге ұсынылатын дивидендтердің мөлшері акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының (18.01.2013 ж. №49 хаттама) шешімімен бекітілген «Қазақтелеком» АҚ-ның Дивидендтік саясат туралы ережеде баяндалған дивидендтерді есептеу әдістемесіне сәйкес «Қазақтелеком» АҚ-ның акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2013 жылғы 27 желтоқсандағы №51 шешіміне сәйкес

өзгерістер мен толықтырулармен айқындалады. Дивидендтер мөлшері туралы түпкілікті шешімді Акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайды.

2024 жылы Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешіміне сәйкес (2024 жылғы 30 сәуірдегі №81 хаттама) дивидендтер төлеуге бас компанияның меншік иелеріне тиесілі 2023 жылғы шоғырландырылған бөлінбеген пайданың 24,79%-ы жіберілді.

«ҚАЗАҚТЕЛЕКОМ» АҚ АКЦИЯЛАРЫ БОЙЫНША 2022-2024 ЖЖ. ҮШІН ЖАРИЯЛАНҒАН ДИВИДЕНДТЕР

- 1 акцияға дивиденд (теңге)
- Кезеңдегі таза пайдадан үлесі (%)

